

Ұстаздық еткен жалықпас

Бала жанының бағбанына айналған Аманжол мен Жұлдыз Мергеновтер жайлы

Өнегелі отбасы - елдіктің тұтқасы. Бірлігі мен берекесі жарасқан, сәні мен салтанаты келіскен жанұя әркез көпке үлгі.

Үлкеннен үлгі алып, артынан ерген өскелең ұрпаққа өнеге көрсетіп жүрген отбасылардың беделі әр уақытта да асқак. Жас болса да көпке үлгі бола білген отбасының бірі Мергеновтер жанұясы.

Отағасы Аманжол теңбіл доппен бала кезден достасқан көрінеді. Спортқа деген сүйіспеншілігі оны болашақ мамандығына жетелесе керек, оқуын аяқтай сала спорт саласын таңдайды. Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской орта мектебінің түлегі, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына денешынықтыру мамандығы бойынша оқуға түседі.

Отанасы Жұлдыз да аталмыш мектептен түлеп ұшқан оқушы. Мектепті аяқтағаннан соң Жұлдыз да еш ойланбастан Қостанай мемлекеттік



Аманжол мен Жұлдыз бір мектепте оқып бір-бірін бала кезден таныған

педагогикалық институтының студенті атанады. Оның таңдаған саласы педагог психолог мамандығы.

Аталмыш мектептен түлеп ұшқан кешегі шәкірттер, бүгінде сол мектептің ұлағатты

ұстаздары. Қолдарына дипломдарын ала сала олар өз туған жерлеріне оралып, туған аудандарында еңбек еткенді жөн санайды.

Бүгінде түлеп ұшқан мектептерінде абыройлы қызмет атқарып, шәкірт

жүрегіне жол тауып жүрген білікті мамандар. Кешегі ұстаздары бүгінде әріптестеріне айналды. Өз істеріне жауапкершілікпен қарап, қазіргі таңда біраз жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Бала кезден спорт саласына жаны құмар Аманжол Мергенов бүгінде талай баланы шыңдап, спортқа баулууда. Шәкірттері де ұстаздарының үміті мен еңбегін ақтап, талай мәрте жеңістің төрінен көрінген екен.

Жұлдыз да өз саласының нағыз білімді де, білікті маманы. Әр баланың жүрегіне жол тауып, жас болса да ата-аналардың алғысын арқалап келеді. Талай байқауларда өз бағын сынап, жақсы жетістіктерге қол жеткізуде.

Бір мектепте оқып бір-бірін бала кезден таныған Жұлдыз бен Аманжолдың балалық достықтары үлкен сезімге ұласып, 2016 жылы жастар шаңырақ құрып бүгінде бірлігі жарасқан үлгілі отбасылардың біріне айналды. Бүгінде 4 жастағы Арлан атты ұлдары ата-анасына қарап бой түзеуде.

Жұлдыз ерінің қадірін түсінетін, еңбек пен қатар үйдің тіршілігін дөңгелетіп отырған аяулы жар. Кішіпейілділігімен көптің көңілінен

шығып, түскен әулетін құрметтейтін ибалы келін. Аманжол болса ұлына дұрыс тәрбие беріп, оның жарқын болашағы үшін еңбектенуде. Достары мен ортасына сыйлы жанұя бүгінде ата-аналары мен жақындарын қуанышқа бөлеуге тырысуда.

Жас отбасы «Дипломмен - ауылға» мемлекеттік бағдарламасының шапағатын көріп, өз баспаналарының иесі атанған көрінеді. Мемлекеттік бағдарламаның аясында баспаналы болған жас жанұя мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауға дән риза.

Алдағы күнде туған аудандарында абыройлы қызмет атқарып, еңбек тәжірибелерін одан әрі шыңдауды көздейді. Алға қойған арман-мақсаттары айқын. Түлеп ұшқан мектептерінің игілігі үшін адал еңбек атқарып, талай белестерді бағындырамыз деген ниеттері бар.

Біз өз атымыздан жас мамандардың еңбектеріне толағай табыс тілеп, жас отбасыға береке-байлық тілейміз.

Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ